The covered points are very important. System of education undergoes some changes constantly to be improved but the process is not fast enough. "It is necessary to accelerate the creation of our own advanced education system, covering citizens of all ages." The President considers all stages of education: pre-school, secondary and higher. "It is necessary to further examine approaches to training and raising the qualifications of teachers. At the higher education institutions across the country, it is necessary to develop pedagogical departments and schools."

"The future of the people of Kazakhstan lies in the fluent use of Kazakh, Russian and English languages." For further development of the three-lingual program it was suggested "to modernize it (Kazakh language), without loading it with excessive terminology." Recently the Latin alphabet has been adopted, and transition will be done gradually "up to 2025 at all levels of education." Knowledge of languages will make our graduates competitive not only inside the country but worldwide. The issues are related to technical support, use of the internet, access to video lectures and video lessons of best teachers, updating technical and vocational education, development of university science, "actively implement joint projects with leading foreign universities and research centres, large enterprises and multinational corporations." "Building up of the nation's potential requires further development of our culture and ideology.

"Our society's role model should be a citizen of Kazakhstan who knows his or her history, language, culture but who is also modern, fluent in foreign languages and has progressive and global worldview."

All 10 tasks of the Address-2018 are aimed at achieving concrete practical results and, ultimately, improving quality and living standards of the people of Kazakhstan.

### Мұғалім мінбері

Абилдаева Қ.Н., магистр аға оқытушы  
Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасы



#### **ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Бүгінгі таңда шетел тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде қарағанда шетел тілін оқытудың әдістемесінде озық технологияларды қолданудың маңызы зор, себебі жоғары оқу орындарында шетел тілін үйренуге деген сұраныстың артуы оқытудың әдістемесіне қойылатын талаптардың жоғарылауына түрткі болды. Дүние жүзіндегі интеграциялық процестің үдеуі білім берудің ортақ, жалпы дүние жүзілік парадигмаларына көшу қажеттілігіне оның мазмұнының универсалдығына себепші болды.

Шетел тілінде білім алуды дүние жүзілік стандарттық үлгіге жақындастыру оқытудың әдістемесіндегі мақсат, міндеттердің ерекшелігін анықтайды. Шетел тілінде оқытудың мақсаты-студенттердің мәдениет аралық және кәсіби коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастыру болғандықтан, қазіргі таңда оқу процесінде жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы студенттерді жан-жақты біліммен қаруландырып, олардың оқу процесіне деген белсенділіктерін арттыруда сабақты әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қызықты етіп ұйымдастыру және студенттердің жеке шығармашылық, коммуникативтік қасиеттерінің дамуына тікелей әсер етуімен сипатталады. Оқу процесін анықтайтын шетел тілін оқытудың коммуникативтік мақсаты негізінде студенттердің коммуникативтік біліктілігін қалыптастыруымыз қажет, яғни шетел тілінде сөйлей білуге үйретуіміз керек. Шетел тілін оқытудың негізгі мақсатына жетудің жолы мәдениетаралық коммуникацияны дамытуға негізделеді. Осы тұрғыдан қарағанда шетел тілін меңгеруде коммуникативтік біліктілікті қалыптастыру, әрі дамыту білім саласында негізгі мәселенің біріне айналуға, әрі бұл процестің тиімділігін арттыру аса қажетті де маңызды деп танылды. Осы себепті оқытудың нәтижелі болуы шетел тілін оқыту процесінде тілдік материалдарда белсенді түрде меңгерумен анықталады. Студенттердің коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру барысында оқу процесінде белсенділікті арттыру үшін коммуникативтік біліктіліктің лингвистикалық компонентін қалыптастыру негізі лексика-грамматикалық материалдарды меңгеретін әдістемелік жұмыстар болуы шарт.

Оқу үрдісі жекелеген біліктерді есте сақтау, сөйлеу жазу, қалыптастыру емес, әр түрлі жағдайлар барысында басқа адамдармен сөйлеу қатынасына түсе алатын, шет тілінде пікір алыса алатын, мәтіндердегі ақпараттармен жұмыс істей алу біліктілігін дамыту болып табылады. Студенттердің қарым-қатынастық құзреттілігін дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар арқылы қалыптастыруға және дамытуға болады. Өзіндік жұмыс түрлерімен ұйымдастыру тәсілдері әртүрлі, бірақ мақсаттары бір. Олар: студенттерді саналылыққа, белсенділікке, дербестікке, шығармашылыққа тәрбиелеу. Нәтижесінде білім сапасы жоғары өз ой пікірі бар, тұлға ретінде қалыптасқан азамат дайындау. Өзіндік жұмыс арқылы шығармашылық әеркет қалыптасады дейтін болсақ, оның мынадай екі кезеңін бөліп көрсетуге болады: алғашқы кезең, дамыту кезеңі.

Алғашқы кезеңде өзіндік жұмыс арқылы пәндік білім, білік, дағды қалыптасады да, дамыту кезеңінде студенттің құзіреттілігі қалыптастырылып, дамыту бағытында жұмыстар жүргізіледі. Бұл жағдайда оқытушы студентті білімді өзі меңгеретін тәсілдерге үйретуі қажет. Ол үшін оқу үрдісіне қатысты әрекеттердің түрін жүзеге асыра алатын, жеке пәндерді студентті оқыту кезінде танымның ғылыми әдістерін меңгере алатын оқу біліктерімен, дағдылармен қамтамасыз ету керек.

Студенттердің қажетті білім, білік, дағдыларымен қамтамасыз ету үшін оқытушы әр сабақта жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Бұл мақсат студенттерге әртүрлі тапсырмаларды беру және шешімдерін таптырту арқылы іске асады. Тапсырма танымдық, ізденушілік және шығармашылық үрдістердің бастамасы, алғашқы буыны. Ең бірінші ойдың оянуына, пайда болуына түрткі болатын себеп осы тапсырмалар. Оқу үрдісін студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға бағыттау арқылы мәселені, сұрақты жаңа қырынан көре білуге, қарастыра білуге, шешімнің әртүрлі нұсқаларын таба білуге, себеп салдарлық байланысты айқындай білуге, тұжырым жасай және оны іс жүзінде тексере білуге, алынған білімді тәжірибеде қолдана білуге үйретуге болады. Ол үшін шығармашылықты дамытушы тапсырмалар

жүйесі қажет. Мұндай тапсырмаларды сабақтың мақсатына байланысты жеке, жұпта, топта да орындауға болады. Олардың орындалу барысында тек табыс қана бағаланады.

Шығармашылық қабілеттердің даму деңгейі оқытудың мазмұнымен әдістеріне байланысты. Оқытудың әртүрлі әдістерін, оның ішінде ойындық әдістерді де қолдану арқылы жүйелі, мақсатты түрде студенттердің ойлау қабілеттілігін икемділігін дамытуға оларды құры жаттауға емес, ойлай білуге, талдауға, тұжырым жасауға соны шешімдер табуға үйретуге болады.

Студенттердің шығармашылық әрекетін өзіндік жұмыстар арқылы дамыту кезеңінде біртіндеп күрделендіре отырып, келесі тапсырмалар түрін қолдануға болады:

1. Берілген мәтіндерге сүйеніп, диалог құрастыру. Кез келген мәтінді диалогқа айналдыруға болады.
2. Өңгімені немесе ойды жалғастыру. Мұндай тапсырмалар студенттің өз бетімен ойлануына, тілін дамытуына мүмкіндік береді.
3. Топтастыру. Артық сөзді тап.
4. Ұқсастықтарын табу.
5. Жалпылау ортақ сөзді жазу.

Соңғы үш тапсырмада берілген сөздер ішінде қандайда бір белгісі арқылы ерекшелінетін сөздерді табу арқылы студент ұқсастық, айырмашылықты анықтау, топтастыру, жалпылау сияқты ой операцияларын орындайды. Мұндай тапсырмалар жаңадан енгізіліп отырған жоқ, бірақ студенттердің танымдық әрекетін және интеллектуалдық дамуын белсендендіру жағдайында олар өзгеше маңызды орын алады. Студент тілдік қарым-қатынасқа түсе; отырып, ағылшын тілін меңгеру жеке сөздерді жаттап қана қою не мәтінді аудару емес, өз бетімен, дербес жұмыс жасай, ойлай білу, білімін толықтыру, белсенді болу екенін түсінеді.

Осылайша, әралуан тапсырмалар көмегімен студенттің өзіндік жұмысы арқылы қарым-қатынастық құзіреттілікті қалыптастыруға, оның негізінде шығармашылығын қалыптастыру, дамыту бағытында жұмыстар жүргізуге болады. Студент құзіреттілігі оның өмірге тәжірибе жүзінде дайындық деңгейін білдіреді. Қазіргі ақпараттық қоғамда жеке пәндік білім, білік дағдыларды меңгеру жеткіліксіз. Енді осы жалпыланған білім білік дағдыларды нақты жағдайлар мен мәселелерді шешуде қолдану қажеттілігі туады. Интеллектуалды біліктілік есебінде қарастырылатын ойлау дағдыларын, дамыту нәтижесінде студент құзіреттілігі қалыптасады. Бұл үрдіс келесі біліктіліктерді қамтиды: талдай білу, жүйелей білу, жалпылау, дәлелдей білу, салыстыру, тұжырым жасай білу. Бойында аталған біліктіліктер қалыптасқан студент кезкелген күрделі мәселелерді шешуде жол таба алады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мырзахметова М. З. Коммуникативті оқыту әдісінің шетел тілі сабағында алатын орны / М. З. Мырзахметова, Г. А. Токтамысова, Т. А. Нәлибаева // Молодой ученый. — 2015. — №8. С. 54-56.
2. Пассов Е.И. Урок иностранного языка в школе.
3. Пассов Е.И. Технология коммуникативного обучения иноязычной культуре
4. Мильруд Р.П. Максимова И.Р. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам / Р.П. Мильруд, И. Р. Максимова //Лингвистика. 1999. – № 8. – С. 9 – 15.
5. Жолдыбаева Г.Т. Коммуникативті оқыту технологиясының теория және практика тұрғысынан жүзеге асырылуы. “Ағылшын тілі мектепте” Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал, №1, 2007жыл, 8-10бет.

#### **Мұғалім мінбері**

**Ashimova N.S.-senior lecturer,  
Kazakh State Women`S Teacher Training University**

### **INNOVATIVE METHODS OF TEACHING AT THE LESSONS AND THEIR USAGE**

The transition to new textbooks highlighted one of the contradictions of modern education - the contradiction between the actual, «knowledge» nature of the educational material, its huge volume and unwillingness, the inability of students to learn this material.

Time requires other requirements for the school. Subjects should deal with the current challenges of education. It is impossible to teach everything, children are not computer that download the most important achievements of various sciences at once. It is much more important to give children «not a fish, but a fishing rod» to teach them to extract this knowledge, develop their intellectual, communicative and creative skills by means of teaching, and to form a scientific worldview [1].

With the change of methods, the nature of the teaching of disciplines also changes. The most important question is «How to teach? », and then – «What to use to teach? ». Therefore, modern educational technologies are so relevant today; they focused on organizing the activities of students, for developing their skills, qualities, competence through this activity.



Currently, the main teaching of schoolchildren takes place at the lesson. The distinctive features of the lesson include work with a permanent group of students (class) on a fixed schedule, in a strictly limited time, with the obligatory work of students under the guidance of the teacher [1].

At the lesson of modern school, all the main elements of the educational process interact: its aim, objectives, content, means, methods and forms of organization of teaching. The creative approach to the lesson assumes a good knowledge of its normative principles.

Any technology, be it production or pedagogical, is characterized by a combination of any components, logic, sequence of components, methods and actions.

The search for new methods and forms of organization of teaching gave birth to a new term in the teaching method - a «modern lesson», which is opposed to the traditional lesson.

The requirements of pedagogical science for the lesson, for the effectiveness of the pedagogical process, are constantly increasing and changing. Along with non-traditional lessons at school practice, non-traditional teaching technologies are used in conjunction with modern teaching methods.

We believe that one of the main tasks is to improve the pedagogical skills of the teachers by mastering modern educational technologies of education and upbringing. Pedagogical technology - the design of the learning process, based on the use of a set of methods, techniques and forms of organization of teaching and educational activities that improving the effectiveness of teaching, the use of which has a clearly defined result.

With the mastery of any new technology, the teacher's new pedagogical thinking begins: clarity, structure and clarity of the methodical language.

Applying new pedagogical technologies at the lessons, we were convinced that the learning process can be viewed from a new point of view and master the psychological mechanisms of personality formation, achieving better results.

To increase the effectiveness of the educational process we use the following modern educational technologies:

- Technology problem-based learning [3];
- Research;
- Health saving technologies [4];
- Training in collaboration (group work);
- Game technologies [1].

But including in the process of teaching children games and playing moments, the teacher should always remember their goals and purpose. We must not forget that the game is a lesson - it is familiarity with the new material, its consolidation and repetition, it is also working with a textbook and a notebook.

Speaking about the research method, we must, of course, remember all the time that this is academic research, i.e., intended for assimilation the experience already known to the society, already solved problems. All tasks of this kind should be accessible to students and fit into the context of programs. The research method is also used an oral and printed word, visual aids, practical works, written and graphic works, natural objects and their real and symbolic images, laboratory works, experience, and so on.

Students need to be taught in such a way that they gradually master certain stages of scientific knowledge, solve problems, and acquire certain features of creative activity. They precede it when students do not have the experience of solving problems in a holistic manner; they accompany it when it is necessary to start learning how to solve a new and complex type of problem or when it is necessary to highlight a problem that the students cannot solve independently.

It is possible to distinguish several types of classification of teaching methods: they are classified from the point of view of educational activity, according to sources of knowledge, according to didactic tasks, also by the degree of students' independence, by the way students organize cognitive activity [5]. There are also unique approaches to teaching methods in connection with their diversity and possible replenishment of new ways of learning.

Depending on the degree of pedagogical management of the activities of students, it is customary to distinguish the methods of teaching under the guidance of the teacher himself and independent studies (self-study) of students. Despite the independence of students, nevertheless there is an indirect management of their educational activities. This is due, first of all, to the fact that during the independent work the student relies on the information obtained earlier, on the instructions of the teacher, etc.

Therefore, it can be noted that the problem of classifying teaching methods is quite complicated and has not yet been solved completely.

But there is a point of view that each individual method should be considered as a complete and independent structure [7].

Currently, in modern secondary schools, along with verbal, visual, practical methods of teaching they also use such as didactic games, problem solving, software and computer training, distance learning, etc.

But using modern methods, we must not forget that this is just an instrument that helps us achieve strategic educational goals. All the "things" that can be shown in the use of modern methods, teachers should not forget that above all they teach children and from the content should not go far in the use. Conversely, to make the content of topics through methods more interesting and curious in the schoolchild's learning.

All the above techniques, new technologies used at the lessons and after lessons, give the child the opportunity to work creatively, contribute to the development of curiosity, increase activity, bring joy and form in a child the desire to learn.

#### BIBLIOGRAPHY:

1. Ангеловски К. Учителя и инновации: Книга для учителя: Пер. с македон. - М., 1991.
2. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований: Дидактический аспект. - М., 1982.
3. Бабанский Ю.К. Выбор методов обучения в средней школе. - М., 1989.
4. Бабкина Н.В. Использование развивающих игр и упражнений в учебном процессе //Начальная школа - 1998 - №4, стр. 28
5. Андюхов Б. Кейс-технология – инструмент формирования компетентностей /Б. Андюхова //Директор школы. – 2010. – № 4. – С.61-65
6. Ягодко Л.И. Использование технологии проблемного обучения в начальной школе //Л.И. Ягодко// Начальная школа плюс до и после. – 2010. – №1. – С.36-38

#### Мүгалім мінбері

Ибрагимова Жанна,  
магистр-оқытушы, Шетел тілін оқыту  
әдістемесі кафедрасы

#### «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 100 ЖАҢА ЕСІМ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ ҚЫЗДАР УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

Еліміз жаңа тарихи кезенге аяқ басты. Елбасы елдің бүгіні мен болашағы туралы ой толқындарын – қуатты сезім ағысымен жүректен өткізе отырып толғана сыр шерткенде, танданыстан бас шайқамау қиын. Оның Отанға, елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі әр адамды тебірендеті.

Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеністігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Сөз жоқ, «Ұлттың рухани коды» дейтін академиялық ұғым кешелі-бүгін ғана емес, Мемлекет басшысының ой-санасында әлденеше рет елекке түскен, таразыға тартылған, сан жылдардан бері сарапталып, пісіп-жетіліп, өзінің сын сағатын күтіп келген дүние екені даусыз. Тәуелсіз Қазақстан тарихында әлі ешқашан ұлт алдында сананы жаңғырту секілді аса терең әрі ауқымды міндет тұрмаған еді. «Рухани жаңғыру» – мемлекеттің барлық салаларының сапалық тұрғыдан жанарып-өзгеруіне негіз болуға тиіс идеялық тұғырнама. Бүгінгі таңда жанаруға деген талпыныс өзінің мәні жөнінен ұлттық-мемлекеттік өзін-өзі сақтаумен және сапалы дамумен бірдей болып отыр.

Осыған орай біздің университетімізде Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Ерия Қашкынбекқызының ұйымдастыруымен «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының жеңімпаздары, «Серпер» жастар сыйлығының иегері, ақын Ержан Жұмабек, полиглот, жас ғалым, аудармашы Қуаныш Жұмабек және ауыр өрт апатынан екі баланы аман алып қалған «Бейбіт Заманның Батыры» атанған Ғалымжан Әуелхановпен кездесу өтті.

Бұл кездесуді ұйымдастырудағы мақсат - «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы бастамаларды іске асыру аясында жастарға рухани тәрбие беру және «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының жеңімпаздарымен таныстыру, насихаттау. Атаулы шараға университет декандары, оқытушылар және студенттер қатысты.

Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің деканы Тымболова Алтынай Оразбекқызы келген қонақтармызды қоғамдағы және ғылым жолындағы енабектерімен таныстырды. Кездесуге келген қонақтарымызбен студенттер арасында еркін сұхбат болды. Бұл кісілердің қоғамдағы, білім жолындағы еңбектері орасан зор. Әрбір айтылған әңгімелері жанды тебіреніп, өмірге деген талпынысты оятады. Ағайынды Жұмабектер өздерінің жастық шағыннан бастап осы күнге дейінгі жетістіктері туралы әңгімелеп берсе, 2017 жылы тамыз айында Алматы қаласында көпқабатты тұрғын үйден өрт кезінде ерлік жасап, бір үйдің екі баласын қалай құтқарып қалғанын Ғалымжан Әуелханов айтып, ерлігімен бөліскен кезде тебіренбеген жан қалмады. Осындай бір қарапайым жігіттің ерлегіне сүйсініп, ол бұл ісін ерлік деп есептейтінін, өз басын өлімге тігіп, бір бес қабатты үйден екінші отқа оранған үйге секіріп, балаларды алып шыққанын айтқанда, не деген қарапайым жан деп танқалдық. Бұл кездесу

студенттердің бойында патриоттық сезімді арттырып, тәрбиеге, білімге деген құштарлықты оятып, мағынасы зор әңгімелер айтылып, пікір алмасумен жалғасты.

Сондай-ақ ақын Ержан Жұмабек өзінің оқушы, студент кезінде шығарған жүрекжарды өлеңдерін оқып, домбырасын қолына алып ән салып, күй тартып, өзінің сегіз қырлы, бір сырлы, нағыз сері екенін көрсетті. Кафедра меңгерушісі Ерия Қашқынбекқызы Ержанның шабыты тасып тұрғанын байқап, ақын жігіттен біздің қыздарға арнап «әу» деп жіберуін сұрады.

Ержан сонда домбырасын қолына алып былай деді:

Алдында Ержан деген сері ме екен,  
ЖенПу қалықтаған көгіме екен.

Әртүрлі сұрақтарды қойып жатыр,  
Мандайдан шығатын бір терім бе екен.  
Суырып салып өлең айт десе, айтайын,  
Ең бастысы өмірде көңіл екен.

Тек қыздармен құралған еркін сұхбат,  
Ержанның түсі ме екен, өні ме екен?  
О, дүниенің жұмағын көрген жоқпын,  
Бұл дүниенің жұмағы, төрі ме екен.

Осыншама сұлудың ортасында,  
Өргеніп кетпеуде бір өмір екен.

Ай - ей- ей.....

100 жаңа есім жобасына енгеніміз,  
Еңбекке кішкентайдан сенгеніміз.

Туған інім Қуаныш екеуіміздің,  
Аз емес оқыған мен көргеніміз.

Астанаға арнайы шақырылып,  
Елбасымен кезігіп келгелі біз.

Қандай әсер алдың не мысы басып,  
Кетпеді ме деп сұрап тергеді жүз.

Кейбіреулер қорықпадың ба дейді?  
Дұрыс болар былай жауап бергеніміз.

Шынымен бұл дүние шолақ екен,  
Адамдар бір-біріне қонақ екен.

Патша Алланың жердегі көленкесі,  
Дара бақ, дара жанға қонады екен.

Жүзінен нұры тамған ол кісінің,  
Ондай жаннан қорықуға болама екен.

Қалайша мысы басып кетеді біз,  
Бала кезден үлгі алған ол да көкем.

Ал алған әсерімді айтар болсам,  
Патшада біз сияқты адам екен.

Ай- ей-ей-ей.....

Қашанда рухы биік қазақ мықты,  
Құдайым көп көрмесін азаттықты.

Өзге емес өзім айтсам Қуаныш жайлы,  
Бәрінен бір еңбегі ғажап тіпті.

Тек қана ана тілде түсіндірер,  
Ағылшын оқулығын жасап шықты.

Біз үшін барлығыңыз дарасыздар,  
Көңілде оттай лаулап жанасыздар.

Ағылшын тілін енді бұл кітаппен,  
Жеңіл, жылдам үйрене аласыздар.

Ай-ей-ей.....

Адамды жетелейтін үміт боп тұр,  
Арайлап атқан таңға күліп бет бұр.

Малазия мен Түркияда білім алған,  
PhD доктор Қуаныш білікті депті ұл.

Қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерін,  
Жетік білген жігіт боп тұр.

Ал рухани жаңғыру мақаласы,



*«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының жеңімпаздарымен кездесу*

Рух, салт-дәстүр, әдет-ғұрып боп тұр.  
Мықты елдер қатарына ғаламдағы,  
Кіруге білім керек санаңдағы.  
Халыққа тым серпіліс беру үшін,  
Жану керек еңбекқор адам бағы.  
100 жаңа есім жобасы сол емес пе,  
Қарапайым жандар шықты араңдағы.

Жүз адамның екеуі біз болғасын,  
 Жүректің шырқасыншы орам дәмі.  
 Ел сенімін ақтауға жанды салып,  
 Әлі жұмыс жасаймыз, болар мәні.  
 Сол жүздің бірі мына Ғалымжан,  
 Туған ел, туған жерге адал қаны.  
 ЖенПуға оны өзім шақырып алдым,  
 Астанада бізбен бірге болған бәрі.  
 Жәй әскери адам деп қалмаңыздар,  
 Кейбіреудің құр шен ғой бар арманы  
 Бәйгеге бұл өзінің басын тіккен,  
 Жасыңыз шығатындай жанардағы.  
 Қос баланы өрттен аман алып қалған,  
 Шын құрметпен Ғалымжанға қарар бәрі.  
 100 жаңа есім жобасына өткен әр жан,  
 Осындай өз ісінің мамандары.  
 Ай-ей-ей .....  
 Жоғары білім алған бәрі әлі,  
 Өзінің биігінен табылады,

Әр қазақ арманына жете берсін,  
 Іштегі орындалып жалын әні.  
 Ал ЖЕНПУ бүкіл Қазақстандағы,  
 Шын білімнің бір қара шаңырағы  
 Қыздарына ес түссіз ғашық болып,  
 Мұнда келген сан саланың қабыланы.  
 ЖенПУды жырларына қосқаны рас,  
 Қара өленнің қаншама саңылағы.  
 Ақылына көркі сай қыз болған соң,  
 Жігіт біткен жар қылуға ағылады.  
 Кітаптан ЖенПУ жайлы көп оқып ем,  
 Талайлар бұл орданы сағынады.  
 Бірінен-бірі өткен сұлулар көп,  
 Таңғалдыра түсетін тағы, тағы.  
 Шақырған Ерия апайға мың рақмет,  
 Ғұмырыңыз болсыншы мағыналы.  
 Аман сау тұрғанымда қайтайын мен,  
 Әйтпесе жүрек қазір жарылады.

Кеш соңында факультет деканы Алтынай Оразбекқызы қонақтарға еліміздің дамуына ары қарай үлкен үлес қосады деген сенім білдіріп, шығармашылық табыс тілеп, келгендеріне алғыс айтты.

### Мұғалім мінбері

Қыдырбаева Ү., аға оқытушы,  
 Садықова Р.К., ф.ғ.к. Шетел тілдері кафедрасы

## ТҮРІК ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ

Кез-келген шет тілін үйрену үшін ең әуелі сол тілде сөйлейтін халықтың тарихи, мәдени және әлеуметтік жағдайынан хабардар болу керек. Жалпы тіл білімі саласында тілдердің туыстық жақындықтарына қарай салыстырмалы түрде зерттеу әдісі бар екендігін білеміз. Салыстырмалы зерттеу әдісі шет тілін үйренуде өте тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Шет тілін үйретуде тарихи салыстырмалы әдіс маңызды орын алады. Тарихи салыстырмалы әдіс шет тілінің шығу тарихымен қатар, сол тілді үйренуші аудиторияның өз тілінің дамуы жөнінде де қосымша ақпарат беруге мүмкіндік жасайды. Мысалға алатын болсақ, Түрік тілінің тарихи дамуы VI ғасырдағы көне Көктүріктерден басталып кейінгі көне Ұйғыр, Қараханлы, Хорезм, Оғыз дәуірлерінде қолданылған тарихи түркі тілдерінің жалғасы болып келеді. Яғни, бұл тарихи дәуірлер қазіргі қазақ тілінің тарихи дамуымен тікелей байланысты. Осыншама тарихи кезеңдерді басынан өткізген түркі тілдеріне ортақ дәуірлерде жазылған жазба ескерткіштердің тілін зерттей отырып екі тілде ортақ қолданылатын тарихи негіз сөздерді көптеп кездестіреміз. Солардың бірі қазақ және түрік тілдеріне ортақ *жіктеу есімдіктерді, сан есімдерді, адам ағзасына байланысты атауларды және жануарлардың аттарын* атауға болады. Мысалға алатын болсақ, қазақ тіліндегі *мен, сен, ол, біз, сіз, олар* сияқты жіктеу есімдіктері түрік тілінде *ben, sen, o, biz, siz, onlar* түрінде қолданылады.

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, қарақалпақ сияқты халықтардың тілі тарихи дәуірде Орта Азияда үстемдік құрған Алтын Орда мемлекеті қолданған Қыпшақ тілінен тараған. Тарихи деректер бойынша Алтын Орда көршілес жатқан елдердің әлеуметтік және саяси дамуына үлкен ықпалын тигізген. Бұл тек тарихи не болмаса саяси жағдайларға да әсер етіп қойған жоқ, сонымен қатар, халық арасында қолданылған тілдің де дамуына үлкен әсерін тигізді. Соладың бірі, орыс тіліне түркі тілдерінен немесе керсінше орыс тілінен түркі тілдеріне енген сөздер жиі кездесетіндігін көреміз: *арық, лошадь, деньги тб., рубль, шар, шапка, капуста, добра, тб.* Мұндай құбылыстың әлемдегі барлық туыстас тілдерге және географиялық орналасуы жағынан бір-біріне көршілес елдерге ортақ екендігі мәлім.

Түрік тілін үйрету әдістемесінде қарастырылатын екінші бір мәселе фонетика яғни, дыбыстық жүйенің қалыптасуы. Түрік және қазақ тілін салыстыру мәселесі бойынша түркі тілдерінің бір негіз тілден тарағандығын алға тарта отырып олардың белгілі бір фонетикалық заңдылықтар аясында дыбыстық ерекшеліктер түзегендігін ескеруіміз қажет. Бірақ орыс тілді аудиторияда бұл мәселе бойынша талданылатын дәйектер аса іске аспауы мүмкін. Алайда қазіргі елбасының үш тілдік оқыту бағдарламасы аясында қолға алынған білім беру үдерісін негізге ала отырып орыс тілді аудиторияда да

дыбыстық жүйені диахронды және синхронды әдіспен салыстыра отырып түсіндіруге болады. Мысалға қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың сөз басы, сөз ортасы және сөз соңында қолдану түрлерін жеке дыбыстық ерекшеліктеріне қарай жіктеп көрсету шет тілін үйренуде тиімді жағынан көп байқалады.

*Мысалы: жасыл ~ yeşil (сөз басындағы /ж/ > /y/-ге ауысуы); қара ~ kara (қазақ тіліндегі қатаң /к/ дыбысының орнына түрік тілінде үнемі /к/ дыбысының қолданылуы); жiп ~ ip; болу ~ olmak (қазақ тіліндегі кейбір сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың түрік тілінде түсіп қалуы), ау ~ av (қазақ тіліндегі сөз соңындағы жартылай дауысты /у/ дыбысының түрік тілінде /v/ дыбысына өзгеруі) т.б.* Яғни, қазақ тілі мен түрік тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне қарай жіктеудің өзі, жаңа сөзді менгеруде белгілі бір жүйе түзуге қолайлы екендігін аңғартады. Түрік тілін үйретуде морфологиялық тақырыптарды салыстырмалы әдісі арқылы түсіндіру студенттің мейлінше жаңа тақырыпты бекітуіне көмегін тигізеді анық. Мысалы қазақ және түрік тілдеріндегі септік жалғаулары бір-біріне өте ұқсас болып келеді. Мұндай ұқсас грамматикалық тақырыптарды студенттерге жеткізу үшін ең алдымен қазақ тіліндегі ережелерді естеріне сала отырып түсіндіруді қажет етеді. Кейбір грамматикалық тақырыптарда тек екі тілді салыстыру емес, сонымен қатар, ортақ тарихи негіз тілдегі ерекшеліктерді көрсету студенттің қабылдау дағдысын арттыруға үлкен септігін тигізеді анық.

Қорыта айтқанда ЖОО-да түрік тілін салыстырмалы әдіспен үйретуде бір-бірін толықтыратын негізгі мәселелерге аса мән беруіміз керек. Тілдің шығу тарихын білу, кез-келген шет тілі туралы жалпы мәлімет алуға септігін тигізіп қана қоймай, ана тілінің түп негізі туралы ақпараттар алуға көмектеседі. Ал грамматикалық тақырыптарды әр-түрлі ерекшеліктеріне қарай топтастыра отырып үйрету шет тілін үйрену белсенділігін және уақыт үнемдеу жағынан тиімділігін арттырады. Яғни, кез-келген студент шет тілін үйрену арқылы бірнеше тілдік бірліктердің ортақ және айырым белгілерін анықтауға бейім болады.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Акар, А., Türk Dili Tarihi, Өтукен, Стамбул, 2010
2. Баскаков, Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение, Москва, 1981
3. Джафероглы, А., , Türk Dili Tarihi I-II, Ендерун баспасы, Стамбул, 1984
4. Қайдар, Е., Оразов, М., Түркітануға кіріспе, Арыс, Адматы, 2004
5. Щербак А.М. Тюркская руника. Происхождение древнейшей письменности тюрков. - С-Пб, 2001
6. Языки мира: Тюркские языки. -М., 1996

#### Мұғалім мінбері

Айтпаева М.Д., Сансызбаева Б.,  
Джансеркеева Э., магистр, аға оқытушылар

### ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚИТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТҮРЛЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫ

ҚР «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып Дүние жүзіндегі инновациялық процестердің барлығы кез - келген мемлекеттің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен бірге, ғылыми-техникалық ілгерілуін де едәуір жылдамдатады. Өйткені, мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез - келген бәсекеге қабілетті мемлекеттегі ғылым дамуының бағытын анықтайды. Сондықтан да ғылыми - техникалық процесс бүкіл әлемде «инновациялық процесс» - ұғымымен тығыз байланыста болуды талап етеді. Инновациялық процесс жаңа бір өнімнің алынуын білдіреді де, ол идеяның пайда болуынан бастап, оның коммерциялық тұрғыда жүзеге асырылуына дейінгі ұзақ жолды қамти отырып, әр түрлі қарым - қатынастар (өндіру, алмасу, тұтыну) кешенін өз қарамағына алады [1].

Технология –ресми түрде айтылған психологиялық-педагогикалық мақсаттардың негізінде білім беру үрдісінде жүйелі қолданылатын, оқыту формаларының, әдістерінің, тәсілдері мен тәрбие құралдарының арнайы жиынтығы. Оқыту технологиясында мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы мен себептілігі жатыр, соған байланысты қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу педагогтың шеберлігіне байланысты [2].

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту

үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік технологиялары бағыттары: электронды оқулықтар; телекоммуникациялық технологиялар; мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар; қашықтықтан оқыту (басқару).

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады: өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу; жалпы компьютерлік желілерді пайдалану; бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау; мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар); қашықтықтан оқыту (Internet желісі бойынша) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету [3]. Білім беруде инновациялық технологияның бірнеше түрлері бар: олар интерактивтік технология, компьютерлік технология, қашықтықтан оқыту (e-mail, түрлі компьютерлік заманауи бағдарламалар) технологиясы, ойын технологиясы, жоба технологиясы және т.б.

Жобалап оқыту технологиясы дегеніміз – бұл адамдардың қажеттілігін орындауды, аталған қажеттіліктерге сәйкес еңбек өнімін арттыратын, сонымен бірге жасалған зерттеудің нәтижесін қарастыратын, студенттердің танымдық қызметін ұйымдастырудың арнайы тәсілі. Жобалап оқыту технологиясы кезенді, жемісті оқу қызметін түзету және қалыптастыру, нәтижесін көрсету үшін қажетті ақпараттарды өз бетінше талдау негізінде студенттердің оқу мақсаттарын орындауға бағытталған оқыту үдерісінің ерекше ұйымдастырылуы деп қарастыруға болады [4].

Жобалап оқыту технологиясының мақсаты - студенттер білімдерінің жетіспеген тұстарын өзбетінше және қызығушылықпен, түрлі жолдармен таба алуына; алған білімдерін танымдық және практикалық мақсаттарды шешу үшін пайдалануға үйренуіне; коммуникативтілікке ие болуына; түрлі топтарда жұмыс істей отырып, өздерінің зерттеушілік (жинақтау, бақылау, эксперимент жүргізу, талдау, гипотеза құру) қабілетін, логикалық ойлау қабілетін дамытуына жағдай жасау [5]. Келесі ойын технологиясына тоқталатын болсақ, жаңа материалды меңгеру, қорытындылау кешенді мәселелерін шешу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпы оқу іскерлігін қалыптастыру үшін іскерлік ойынын пайдаланады. Ол оқу материалдарын әртүрлі жағдайларда түсінуге мүмкіндік береді. Оқыту барысында түрлі ойындардың үлгілері қолданылады: еліктеу, әрекеттік жылдамдық, рөлдік ойындар; іскер театр, психологиялық және әлеуметтік драма. Іскерлік ойынның әдіс - тәсілдері төмендегі кезеңдерден тұрады.

*Дайындық кезеңі.* Дайындық кезеңі ойынды жоспарлаудан басталады: сценарий дайындау, іскерлік ойынның жоспары, ойынды жүйелеп баяндау, нұсқау мазмұны, мәліметтермен қамтамасыз етуді дайындау.

*Ойынға кіру:* мақсат, міндеттерін қою, жағдайы, нұсқауы, уақыт тәртібі, ережесі, рөлдерді бөлу, топтарды қалыптастыру, кеңес беру.

*Өткізу кезеңі:* топтардың тапсырмамен жұмысы: дерекнамамен жұмыс, реннинг, миға шабуыл, ойын құрал-жабдықтарымен жұмыс.

*Топтар арасындағы пікірталас:* топтардың көрсетулері, нәтижелерді қорғау, пікірталас ережесі, сарапшылар жұмысы.

*Талдау және қорыту кезеңі:* ойыннан шығу, талдау, баға беру және талдап қорыту, нұсқаулар.

Шығармашылық әрекетті оқыту технологиясының мақсаты әрбір оқушының шығармашылық қабілеттерін ойлаған деңгейге көтеру емес, табиғи қасиеттерінің анықталуына көмектесу болып табылады. Сөйтіп, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін ойын түрлері арқылы дамытудың негізгі мақсаттары төмендегідей:

*Оқытушылық* – оқытудың белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету, өтілген материалды қорыту және бекіту;

*Тәрбиелік* – ойын барысында дүниеге эмоциялық – құндылықтық қарым – қатынасын қалыптастыру;

*Дамытушылық* – бітірушінің барабар әлеуметтік өзін – өзі бағалауын қалыптастыру үшін жалпы адамзаттық қабілеттерін дамыту.

Ойын түрінде құрылған сабақ оқу процесінің басымдықтарын – жеке тұлғаның жан-жақты дамыту мен қалыптастыруға қарай өзгереді. Бұл жағдайда білім мен біліктерді бүкіл сабақ бойы пайдалану талап етіледі. Ойын арқылы оқыту процесінде қарым – қатынас стилі мен сипаты, сондай-ақ педагог қызметі өзгереді ол сабақта ұйымдастырушы, үйлестіруші және кеңесші рөлін атқарады. Ойында бірде-бір оқушы елеусіз қалмайды, әрқайсысынан жаңа шығармашылық талап етіледі [6]. Келесі заманауи технологияның бір түрі ол қашықтықтан оқыту. Қашықтықтан оқыту бұл – оқытудың сырттай, күндізгі түрлерімен қатар келе жатқан оқытудың жаңа түрі. Оқытуда, адамды тәрбиелеуде қандай форма қолданылса да, ол педагогика ғылымының заңдылықтарына, педагогикалық психологияға сай болу керек. Сондықтан қашықтағы педагогиканы ғылым орталығының бөлек қарастыру дұрыс емес. Қашықтықтан білім алу немесе оқыту ол базалық және қосымша болуы мүмкін (қашықтағы семинарлар ұйымы, конференциялар, олимпиадалар). Қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі мақсаты — жеке адамды интеллектуалды дамыту, ақпаратпен жұмыс жасай білуге үйрету және оның ерекшелігі – ол өзіндік оқыту жүйесіне жатады. Қашықтықтан білім беру үрдісі білім беруді басқаруға арналған модульді, объектті-бағытталған «Moodle»

жүйесіне негізделген. Бұл жүйе Қашықтық Білім Беру Жүйесі ретінде Еуропа елдерінде кеңінен таралып, танылған. «Moodle» тұғырнамасы Open University (UK), Microsoft (US), Google (US) и Istituto Superiore di Sanità - ISS (Italy) сияқты ұйымдардың белсенді дамытуы мен қолданысында. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында бұл оқытудың екі технологиясы пайдалануда.

Бірінші желілік технология – Интернет арқылы оқу. Университеттің білім беру порталында студенттер электрондық курстарға тіркеледі, ондағы бар материалды дәрістер және басқа оқу қорлары бойынша оқиды. Сосын автоматты түрде тестіленеді немесе тапсырмалар орындайды. Оқытушы, тапсырманы тексеріп, пікір жазып, баға қояды.

Екінші кейстік технология, студентке оқу-әдістемелік кейс, яғни семестрге барлық материалдар мен тапсырмалар беріледі, ол тапсырмаларды орындап, график бойынша оқытушыға жіберіп отырады. Сонымен, қашықтықтан оқыту технологиясы студенттердің оқытушы-кеңесші басқаруымен дербес оқуына негізделе отырып, студенттер бетпе-бет кеңестер немесе электрондық пошта арқылы кеңестер алуына болады. Қашықтықтан оқыту білім беру саласында Мемлекеттік саясаттың негізгі қағидасын практикада жүзеге асыруға, арақашықтыққа қарамастан кез келген бұқара топтардың білім алуына мүмкіндік береді. Басты міндеттерінің бірі оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жана педагогикалық технологияны меңгеру.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. Астана, 2000, «Оқытудың жана технологияларын педагогикалық процесте пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері», Молдаханова М.М., Жуматаева Г., Баймахова А.
2. Қозыбай А.К., Жексенбиева Н.Ж. Қ58 Кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқыту технологиялары. Алматы, 2011. 16 б.
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: «Дайыр Баспа», 2010.
4. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий. М. -2006. Том 1-816с.; Том 2-816 с.
5. Ломакин А.В. Технология проектного обучения [Эл.ресурс] / А.В.Ломакин//Ломакина.А.В жеке сайты. [http://ladlav.narod.ru/teh\\_proekt.htm](http://ladlav.narod.ru/teh_proekt.htm).
6. Аширбекова А.А Қазак тілі және әдебиет мұғалімі, Қарағанды қ. 2011.

#### **Мұғалім мінбері**

**Л.А.Бөлекбаева, аға оқытушы,  
Шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасы**



#### **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР- БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ**

Қазіргі таңда білім берудің мазмұны жанарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдалануды мақсат ете жүріп, үйрену. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі оқытушының ойлану стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді. Оқытушының озық технологияларды пайдаланудағы басты мақсаты – студенттерге білім беру процесінде көмектесу. Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде ақпараттану тұрғысынан сапалы білім алу тиімділігі болашақ кез-келген азаматтың кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті, ақпараттық-компьютерлік технологиялар құралдарын кәсіби іс-әрекетте кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы барлық білім беру мекемелері қызметкерлерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жана технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп көрсетілген. Бұл міндеттерді жүзеге асыру барысында білім ордаларында жана педагогикалық технологияларды пайдаланудың негізгі мақсатын айқындап алуда, яғни «берілген үлгі бойынша өнім алу», оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады. Электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық қоғамның негізгі

талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге, оның сапасын жоғарылатады. Бұл- технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Білім беруде ақпараттық технологияны пайдалану білім мазмұнын жанартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Олай болса, бұл қоғам кез келген оқытушыдан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр. Оқу барысында студенттердің ақпараттық технологияларды пайдалануы, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзіндік сараптау, жоспарлау мүмкіндіктеріне негізделген оқытылу мүмкіндігін береді. Студенттің дамуын үйлесімді нәтижеге жеткізу үшін оқу жүйесі ғылыми-педагогикалық негізінде жасалуы қажет. Оқытушы сабақты ұйымдастыру түрлерін ойластырады. Электрондық оқулықтар – ғылыми негізде дайындалған педагогикалық-ақпараттық өнім. Электрондық оқулық арқылы студенттер тапсырманы қызыға орындайды, кейде қателерін өздері табады. Электрондық оқулықтар – оқытушылар үшін күннен күнге дамытылып отырған ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Мұны пайдалану барысында оқытушы ғылыми-әдістемелік электрондық оқулықты пайдаланғанда сабақтың ынғайына қарай қосымша материалдарды кірістіруге болады. Электрондық оқулық көрнекілік ретінде де, оқу мен компьютер арасындағы байланыс жасауда да студенттерге көп көмек көрсетеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ынғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін – өзі тексеру жүйесі студент пен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады. Электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сондықтан, қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа ақпараттық технологиясын енгізу-оқыту процесінің толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет. Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, студентке оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын студенттердің өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір студентпен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды.

Ақпараттық технологияларды оқу процесінде қолдануда жаңа оқу пәндерінің пайда болуы, оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Білім беру үрдісінде компьютерлердің, ақпараттық технологиялардың кенінен қолданылуы интерактивті жүйе құруға алып келді. Қазақстан республикасының «Жоғары білім беру туралы» заңының 9 бабында «Жоғары оқу орны мамандар даярлауда білім, ғылым мен білімді ұштастыру, оқытудың белсенді әдістері, жаңа ақпараттық технологиялар кешенін қолдана отырып даярлау негізінде студенттердің шығармашылық және практикалық қабілеттерін де дамыту, қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу арқылы жүзеге асырылады», - делінген. ҚР білімді ақпараттандыру жүйесін әрі қарай дамыту ақпараттық ресурстар болып табылатын оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дайындамай жүзеге асыру мүмкін емес. Олардың атқаратын қызметтері және ауқымы да өте кең және оған мыналар жатады: автоматтандырылған және сараптамалық жүйелер, электрондық оқулықтар және мультимедиялық бағдарламалық құралдар. Ақпараттық- компьютерлік модельдеу нәтижесінде жаппай «қоғам» өзінің таңдау мамандығында әрі өзінің кәсіптік бетбұрысында міндетті түрде ақпараттық технология кең өріс алуда. Жоғарыда көрсетілген ақпараттық технологиялардың түрлері қазіргі жағдайда жоғары оқу орнының оқу процесінде қолдануға өте тиімді. Білім берудің мемлекеттік стандарттарында анықталған оқытудың мазмұнына ешбір нұсқан келтірмейді, керісінше, оқу пәндерінің бағдарламасында көрсетілген мақсатқа оқытудың бұрыннан қалыптасқан әдістерімен өзара бірлікте қол жеткізуге мүмкіндік береді.



## Мұғалім мінбері

Джансеркеева Э.Н.- докторант, “Southwest” Университеті, ҚХР  
Смайлова А.К.- докторант, Кастамону Университеті, Түркия  
Снабекова М.М.- аға оқытушы, ҚазМҚПУ

### **ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ НЕЙРО-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУ (NLP)**

NLP тұжырымдамасы (Нейро-лингвистикалық бағдарламалау) НЛП практикалық психологияның заманауи желісі болып табылады. Ол XX ғасырдың 70-жылдарының басында Америка Құрама Штаттарында дүниеге келген. НЛП-ның негізін қалаушылар және алғашқы шәкірттері мен ізбасарлары: Джон Гриндер, Ричард Бендлер, Лесли Кэмерон-Бендлер, Джудит Делози, Роберт Дилл және Дэвид Гордон.

Нейро-лингвистикалық бағдарламалау, NLP, (нейро-лингвистикалық бағдарламалаудан) - практикалық психологиядағы бағыт. Ол кез келген аймақта табысқа жеткен адамдардың ауызша және жазбаша мінез-құлқын модельдеу (көшіру) техникасына және сөйлеу формалары, көздің және дененің қозғалысы мен жады арасындағы байланыстар жиынтығына негізделген. НЛП 1960-70 жылдары авторлар тобымен жасалды, көп ұзамай танымал болды. Қазіргі уақытта NLP негізінен оқыту компанияларымен, сондай-ақ коммерциялық ұйымдармен қызметкерлер үшін психологиялық тренингте қолданылады. NLP туралы әйгілі әдебиеттер көп. НЛП кейде ғылыми бағыт ретінде жіктеледі. НЛП-ның нәтижелілігіне он нәтиже беретін бірқатар зерттеулер бар, бірақ көптеген ғылыми эксперименттер НЛП әдістерінің тиімсіздігін және олардың ғылыми негіздемесінің жоқтығын көрсетеді [4].

«Нейро» барлық психологиялық процестер біздің жүйке жүйесіне байланысты екенін көрсетеді. Тақырыптың «лингвистикалық» бөлігі біздің тәжірибемізді реттеуге және құрылымдауда сөздердің маңыздылығын көрсетеді. «Бағдарламалау» сөзі біздің тәжірибеміздегі нейрологиялық және лингвистикалық компоненттердің, сондай-ақ барлық өмірлік процестердің өзара байланысын және өзара әрекеттесуін көрсетеді. Сонымен қатар, NLP психотерапиядан тыс ұзақ уақыт өтті. Ол іс жүзінде барлық жерде қолданылуы мүмкін: іскерлік, саясат, шығармашылық, медицина, оқыту, кез келген мақсаттарға жету қажеттілігі бар жерде. Осылайша, осы зерттеуде біз NLP технологиясын шетел тілін үйрену ерекшеліктерін көрсетуді шештік [5].

*НЛП әдістері («Жалпы сипаттама» метапрограммасы).* Шетел тілін меңгеру - оқушылардың жеке тұлғалық дамуына әртүрлі әсер етеді, бірақ ол жалпы жүйенің талаптарын ескере отырып ұйымдастырылса ғана.

Ана тілін меңгеру балада бес жыл бойы санадан тыс деңгейінде өтеді және өзін-өзі дамытатын тілдік жүйенің «ана тілі» туралы ойында пайда болады. Тілдік ортада және осы тілдегі қарым-қатынаста 1000-нан астам адам өмір сүруі қажет. Шетел тілін оқу барысында өздігінен дамытын тағы бір жүйені, яғни «шетел тілін» жылдам қалыптастыру керек. Оның құрылу заңы және оның жұмыс істеу механизмдері табиғаттың өзі ойлап тапқан, сондықтан оларды оқу үдерісінде қолдану дұрысырақ болар еді.

НЛП-ның ең табысты және танымал әдістерінің бірі – көрнекілендіру (визуализация). Көрнекілендіру дегеніміз - бұл организмнің барлық сезімін белсендіретін заттың, жағдайдың, тұлғаның психикалық көрінісі болып табылады. Бүгінде көрнекілендіру - бұл санадан тыс әсер етудің ең тиімді құралы, өйткені ми шындықты субконсесивті көбейтуден ажырата алмайды. Мінез-құлықтағы икемділік тілді үйрену кезінде сөзсіз қателесу қабілеті және тіл біліктілігінің барлық аспектілерін дамыту үшін сөйлеу, мәтін жазу, тындау және оқу әдістерді қолдану: Бұл жағдайда бейнелеу әдістемесі, оның белгілі бір суретті құру еркіндігі немесе шетелдік сөздерді немесе бүкіл сөйлем жаттау үшін ассоциативті сериясы деп аталатын теңестіру тиімді болып табылады. Себебі, ағылшын тілінде сабақ барысында оқушы өзін қысқа мерзім ішінде есте сақтауға болатын көптеген сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді сөндіреді. Негізінен, осы немесе басқа бірлестікті қандай да бір жолмен анықтау керек, ол шетелдік сөзді және оның аудармасын анықтауға көмектеседі.

Көрнекілендіру ақпарат берудің тиімділігін арттырудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Шетел тілін меңгергенде, «мидың көзімен сөздерді көру» мүмкіндігі академиялық табыстың кілті болып табылады. Бұл дағдыны үйрену және оқыту керек.

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер, стратегиялар жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Ойткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның бұл келесі кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Оқушыларды алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

Біз жобадағы әдістердің тек бірнешеуін ғана сөз еттік. Қалғандары осы тақырыптар арнайы ұйымдастырылатын курс жұмыстарында талқыланады.

“Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту” жобасында жұмыс жасауды бастаған мұғалімдер бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап өтсе, оқушылар оқудың сабақтардың қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиімділігі артатындығын баяндайды.

Мектеп өмірінде мұғалімдердің аталмыш жобамен жұмысқа дейінгі және кейінгі кезеңін салыстыру оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының артқандығын, адами жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады.

Бүгінгі қоғамға, мектепке керегі де осылар деп ойлаймын. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс

жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Әйтпесе, жана жүйенің құны болмайды. Осы сыни тұрғыдан ойлау модулі қазіргі заманның өрленуіне қарай Қазақстанның ашық, еркін азаматын тәрбиелеу. Сыни тұрғыдан ойлау модулін сабақта қолдану өте тиімді. Сондықтанда болашақта ары қарай қолданып, жетілдіріп және мақсатымызға жетеміз деген үлкен сенім бар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, үшінші (негізгі) деңгей, (2012)
2. Туякаева D.Sh. «English for special purposes», Almaty, (2009)
3. [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz)

#### **Мұғалім мінбері**

**Сеидомарова С.Н., преподаватель кафедры иностранных языков, КазГосЖенПУ**

### **КОММУНИКАТИВНЫЕ ЦЕЛИ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ ВТОРОМУ ИЯ**

Преподавание второго ИЯ в школьной системе образования Казахстана не имеет давней традиции. Если вузы включали обучение второму ИЯ в свои учебные планы и программы, то в общеобразовательной школе статус предмета второго ИЯ не был определен. Изменения в политической системе, социально-экономической и культурных сферах в Казахстане в 90-х годах привели не только к значительному расширению функций предмета «Иностранный язык», переосмыслению содержания обучения, его целей и задач, но и к необходимости поиска новых подходов в этой области. Новые возможности в организации школьного образования, появившиеся за последнее десятилетие позволили ввести в ряде школ обучение второму ИЯ.

Изучение второго ИЯ, в нашем случае, французского, позволяет учащимся познакомиться с иной европейской социальной культурой, другими видами государственного устройства, жизнью и бытом сверстников, осознать то общее, что есть у народов, принадлежащих к разным культурам, глубже понять механизмы европейской интеграции». К сожалению, существующие программы по второму ИЯ не отражают актуальной ситуации, сложившейся в последние годы.

Кроме того, нередко во многих учебных заведениях используют материалы, предназначенные для обучения первому ИЯ. Практика показывает, что учителя мало учитывают специфику второго ИЯ и преподают его как первый ИЯ. Многие учителя недостаточно активизируют знания учащихся из первого ИЯ, в то время как это могло бы существенно облегчить овладение вторым ИЯ.

Обучение второму ИЯ представляет учащимся шанс использовать знания грамматических конструкций, общеучебные умения и навыки, полученные при изучении первого ИЯ. «Лингвистический опыт школьника характеризуется синтезом знаний, умений и навыков не только в родном языке, но и в первом иностранном, оказывает положительное влияние на усвоение второго ИЯ, несмотря на наличие интерферирующего действия первого ИЯ, он позволяет быстро и осознанно овладевать понятиями и терминами».

Наличие подобного опыта не только облегчает овладение основными видами речевой деятельности, но и помогает быстрее освоить навыки межкультурной коммуникации на более высоком уровне.

Бесспорно, что в начале нового века целью обучения иностранным языкам не может являться передача лингвистических знаний, умений и навыков, и даже не энциклопедическое освоение страноведческой информации, ограничивающейся, в первую очередь, суммой географических и исторических понятий и явлений. Центральное место в педагогическом процессе должно занять формирование способностей к участию к межкультурной коммуникации, что особенно важно сейчас, «когда смешение народов, языков и культур достигло невиданного размаха и как всегда остро встала проблема воспитания терпимости к чужим культурам, пробуждения интереса и уважения к ним, преодоления в себе чувства раздражения от избыточности, недостаточности или просто непохожести культур. Именно этим вызвано всеобщее внимание к вопросам межкультурной коммуникации.

Обучение второму ИЯ способствует развитию способностей к межкультурной коммуникации на качественно ином уровне по сравнению с первым ИЯ. Это связано с тем обстоятельством, что учащиеся начинают знакомство с новым предметом, находясь на более высокой ступени психологического и физиологического развития, они старше и более зрелы с интеллектуальной точки зрения.

Реализовать подобную ситуацию в школе зачастую затруднительно, так как сам учитель не всегда понимает сложность проблемы. Выбирая учебник по второму ИЯ, преподаватели останавливают свое внимание порой на тех материалах, где с их точки зрения, наиболее полно и доступно представлена

грамматика, изложены факты из истории и географии страны изучаемого языка. Однако, если ставить своей целью организацию современного коммуникативного процесса, то при выборе учебного пособия следует обратить внимание на такие критерии, как: насколько учебник позволяет активизировать лингвистический опыт школьника, приобретенный при изучении первого иностранного языка;

- 1) насколько данные учебные материалы стимулируют интерес к изучению нового языка и культуры;
- 2) соответствуют ли они социальному опыту учащегося и его межкультурным умениям, полученными при овладении первым иностранным языком;
- 3) имеются ли в данном учебнике достаточно разнообразных текстов, заданий и упражнений для проведения би- и триполярного сравнения языков и культур.

Необходимо глубокое понимание особенностей менталитета, стиля жизни и системы моральных ценностей, если народы стремятся к сотрудничеству. Отсутствие взаимопонимания обусловлено в меньшей степени наличием ошибок лингвистического плана, и в гораздо большей - стратегическими ошибками в коммуникации.

Межкультурное обучение охватывает, таким образом, целый ряд отдельных аспектов, начиная от лингвистических, прагматических (как правильно вести себя в конкретной ситуации), эстетических (что считают красивым или отталкивающим в иной культуре) и заканчивая этическими (что представляют собой моральные ценности) проблемами.

Как известно, процесс обучения языку включает обучение иноязычному языковому материалу и обучение деятельности общения. Оба эти аспекта важны. Действие их направлено на создание условий, в которых изучаемый материал и изучение языка в целом приобретает личностный смысл. Следовательно, если мы хотим научить общаться на иностранном языке, то учить этому нужно в условиях общения. Это значит, что обучение должно быть организовано так, что бы по основным своим качествам, чертам оно было подобно процессу общения. В этом заключается коммуникативность.

Принципы коммуникативной направленности определяет содержание обучения и то, какие коммуникативные умения необходимо формировать, что бы учащийся мог осуществлять общение в устной и письменной форме. Принцип коммуникативной направленности определяет отбор и организацию учебного материала, тематику, сферы общения, ситуацию общения, возможные в данных ситуациях. Тема определяет и минимизирует речевое поведение собеседника. Она обеспечивает им взаимодействие в содержательном плане. Сфера общения позволяет установить, где, когда, между кем может происходить общение, какие социально- коммуникативные роли вступает человек. Во всех случаях возникает ситуация общения, включающая в себя тех, кто говорит, кому говорить, отражающая взаимодействие говорящих, остановку в которой происходит речевой акт, тему.

Иными словами ситуация-это совокупность обстоятельств, побуждающих к речи в целях воздействия человека на других людей. При обучении иностранному языку в школе должны создаваться учебные ситуации. Если проанализировать темы и ситуации, предлагаемые в процессе обучения, то необходимо отметить их осуществление в процессе реальных коммуникации вряд ли возможно.

Чтение необходимо для правильной ориентации в печатной информации, умение по контексту догадываться о значении не знакомых слов.

В процессе преподавания иностранного языка осуществляются все виды речевой деятельности на необходимом уровне.

На начальном этапе обучения осуществляется освоение фонетического и грамматического строя языка, основной лексики по программе, далее продолжается накопление лексических единиц и тренинга драматического материала. После закрепления необходимой грамматической и лексической базы программа курса постепенно усложняется. Это – монолог, диалоги на уровне заучивания, трансформация. При работе над текстом учащиеся начинают работу с базовой лексики по теме, затем составляют план, задают вопросы, отвечают на вопросы, составляют диалоги, занимаются сбором информации. Класс делится по группам. Каждая группа получает одно задание, которое является частью одной большой темы. В результате совместной работы групп достигается усвоение материала в полном объеме. Задание дифференцировано по сложности и объёму и группа получает оценку в зависимости от достижения каждого учащегося.

Также по этой теме группа составляет вопросы, диалоги и словарь. С ними проводятся такие упражнения и виды занятий, которые вовлекают их размышления о себе, о друзьях.

После изучения темы – Встреча с людьми  и формы обращения ребятам предлагается составлять диалоги по темам: – Приглашение , –поздравление , –благодарность , –извинение .

Наряду с говорением, аудирование обеспечивает возможность общения на иностранном языке. При отборе текста для аудирования учитываются его языковые способности. Безусловно, важен правильный выбор темы аудио текста с точки зрения интересов учащихся. Например, учащихся младших классов интересуют тексты основанные на сказочных сюжетах, занимательные истории о животных, для средних классов доступными и интересными являются тексты о любви и дружбе, о жизни народа других

стран. Учащийся выпускных классов проявляют интерес к текстам, связанным с профессией. Помимо этого, необходимо использовать на уроках аудио тексты страноведческого характера, а так же тексты для аудирования элементов юмора. Иногда можно слушать просто музыку для психологизации учебного процесса, чтобы вовлечь всех ребят в речевую активность на фоне музыки и всеобщей атмосфере доброжелательности. В доброжелательности, творческой атмосфере, на занятиях по языку снимаются коммуникативные барьеры, и стимулируется общительность.

#### Литература:

1. Чичерина Н.А. К вопросу о преподавании второго иностр. языка в средней школе.// ИЯШ, 1999, №3
2. Щелилова А.В. Концепция обучения франц. языку как второму иностр.(на базе английского). - М.: Изд-во ДИСК- Т,1999.
3. Яковлева Л.Н. Межкультурная коммуникация как основа обучения второму иностранному языку.// ИЯШ,2001, №6
4. Гальскова Н.Д., Соловцова Э. Н. К проблеме содержания обучения иностранным языкам на современном этапе развития.

#### Шәкірттер шыңдалғанда

Халел Агнур,

«5В011900-Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығы, ҚазМҚПУ

#### **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КӘСІБИ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТІЛДІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТЕРМИНДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемнің жүз жиырма бір елімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Шетелде елу шетелдік мекеме, соның ішінде отыз екі қазақстандық елшілік, төрт тұрақты өкілдік, екі дипломатиялық миссия, үш бас консулдық, он консулдық және бір төлқұжат-виза қызметі жұмыс істейді. Республиканың өзінде 67 дипломатиялық миссия мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері бар. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы алпыс төрт беделді халықаралық ұйымдарға мүше болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан бері мемлекетаралық және үкіметаралық деңгейде Қазақстан 1300-ден астам халықаралық келісімдерге қол қойды.

Осы орайда, бұрынғы кеңес одағының ішінде тәуелсіздігін алған түркі халықтар болсын, мейлі шалғайда жатқан Түркия республикасы болсын, арада барыс-келістермен бірге мәдени байланыстар да қанағаттана бастады.

Тіл аралық кез келген халықтың болмысын, сана сезімін, дүниетанымын байқауға болады. Тілді жетілдіру – барлық адамзаттың міндеті. Тілдік орта лингвоэкологиялық зерттеудің түпқазығы болып саналатын қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілде қолданылатын терминдер, оның даму мен қызмет етуіне әсер ететін мәдениет факторларының жиынтығы.

«Термин дегеніміз – (ағылшын тілінен аударылғанда) арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған (қабылданған, енген және т.б.), тілдегі арнайы (ғылыми, техникалық т.т.) сөздер мен сөз тіркестері».

Кәсіби түрік тілін дамыту мәселесінде, яғни сөздік қорды байыту – өте маңызды мәселе. Ал өзге ұлт өкілдеріне кәсіби қазақ тілін оқытуда ол басты бағыттардың бірі болып саналады. Студенттер үйренетін тілдің сөз байлығын игермей, сол тілдің қоғамдағы сөйлеу мәдениеті мен қарым- қатынас жасауға қажетті дағдыларды меңгере алмайды.

«Термин» ұғымы негізінен ғылым мен білімнің бір саласына, бір терминологияға тән болып келеді. Терминдердің ішінде тек бір саладағы терминологияға қатысты терминдер де, түрлі саладағы терминологияға қатысты терминдер де кездеседі. Мысалы, «эпентеза, метатеза, флекция, аффикс, идиома» деген терминдер тек лингвистикада ғана қолданылады. Ал операция, ассимиляция деген терминдер әр түрлі саладағы терминологияда жұмсала береді. Терминдік сөздері қолданылатын салада бір ғана мағыналы ұғымды білдірулері керек, оларды өзгертуге болмайды. Жеке бір ғылымның өзіне тән негізгі терминдері мен терминологиясы болады. Терминдер – тілде ғылым мен техника, мәдениеттің әр саласына қатысты белгілі бір ұғымды дәл білдіру үшін қолданылатын сөздер. Лексиканың басқа түрінен терминдердің басты айырмашылығы – көпмағыналы емес, бір нақты мағыналы болып келетіндігі. Оларда эмоционалды бояу, экспрессивті- стилистикалық қызмет болмайды. Терминологияның басты мәселелерінің бірі жалпы халықтық қолданыстағы сөздердің терминдену жолдары, олардың терминологиялық қорды құрауға қатысы мен тілдегі семантикалық өзгерістерді зерттеу екендігі белгілі. Осы ретте зерттеу жұмысының өзектілігі жаңа терминдер, оның ішінде дипломатия саласына қатысты

терминдер жасаудағы әртүрлі тәсілдердің, термин қалыптастыруға негіз болатын тіліміздің ішкі заңдылықтары мен қайнар көздерінің ерекшеліктерін көрсетудің қазақ тіл біліміндегі маңыздылығынан көрінеді.

Осындай күрделі халықаралық қатынастарға түсіп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің дипломатиялық терминдері мемлекетаралық және үкіметаралық деңгейде өз қызметін атқаруға тиіс деп ойлаймыз. Бұл жұмысымыздың тіл саясаты тұрғысынан да, қоғамдық, оның ішінде дипломатиялық, экономикалық-саяси қатынастар жасауда да зәрулігін дәлелдейді, зерттеу тақырыбының өзектілігін нақтай түседі. Қазақ тіліндегі дипломатиялық терминдерді ағылшын дипломатиялық терминдерімен салғастыра зерттеуіміздің негізгі себебі: ұзақ даму тарихы бар, бір жүйеге келтірілген, ғылым тілі ретінде толық қалыптасқан ағылшын тілі дипломатия саласының ілім жетістіктерін мейлінше тиімді пайдалану, қазіргі қазақ тіл білімінің сұраныстарын қанағаттандыруға ұмтылу болып табылады. Қазіргі кезде терминнің табиғаты мен оның барлық типологиялық ерекшелігін сипаттайтын жалпы қолдайтын анықтамасы жоқ. Егер терминологиялық зерттеулерге көз жүгіртсек, терминнен артық проблемалы бірлік жоқ екендігін және оның анықтамасын анықтауға талпыныс жасалған бірнеше еңбектің орын алып отырғандығын байқауға болады: «бір топ ғалымдар терминге логикалық анықтама берсе, енді бір топ ғалымдар терминге тән белгілерді келтіріп, оның мағынасын сипаттай отырып ашады, үшінші топ ғалымдар терминді қандай да бір дәлелсіз бірлікке қарама-қарсы қою арқылы түсіндіреді». Терминолог – ғалымдар термин анықтамасындағы мұндай әртүрліліктің орын алып отырғандығын, терминнің бірнеше ғалымдар объектісі екендігімен түсіндіреді. С.С. Құнанбаева «Мәдениетаралық қарым-қатынас тақырыбы» жаһандық ғаламдық өмір кеңістігінде тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. Өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың негізі ретінде коммуникациялық серіктестердің тілі мен мәдениетін білу. Сонымен бірге, өз халқының ұлттық-мәдени ділін бейнелейтін ұлттық-этникалық өзін-өзі танытатын тұлғамен бір уақытта қалады. Бұл мәдениет пен тілдің жалпылама ұсынушысы ретінде, адамның өзіндік тілдік мәдениетінде өздігінен жүзеге асыру үрдісінде адамның құрылымы онтогендік түрде қалыптасты. Егер адамның әлеуметтануының объективті көрінісі оның қатысуын, белгілі бір этнос мәдениетінің тілі ретінде осындай шектеулі бірлікті ойлау мен менгеру болып табылады. [1, 6 б].

Қазақ тіл білімінде терминологияны зерттеуші ғалымдардың бірі Шерубай Құрманбайұлы терминге мындай анықтама берген: Термин – ғылыми немесе өндірістік - технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (ғылыми анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі [2, 222 б]. Термин – терминологиялық жүйенің элементі. Арнаулы мақсаттар тілі теориясы тұрғысында берілген анықтама: «Термин» атауының өзі әр кезеңде ұлт тіліне түрліше аударылып, оның бірнеше балама нұсқасы ұсынылды. Қ. Ибрайымов, А. Байтұрсынов еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері бастапқы қазақ терминологиясы кезеңінде «пән сөз» деп атаған [3, 618 б].

Ал, Ө.Айтбаев «Термин» ұғымын былай сипаттаған әлі күнге бұл жайында бірыңғай пікір қалыптаса алмай келеді. Мына еңбекте қабылданған көзқарас бойынша «Термин – бұл арнаулы қолданыс салаларындағы ғылыми немесе өндірістік – технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы (тиісті ұғымның анықтамасы) бар сөз немесе сөздер тіркесі» [4, 14 б].

Қ.Жұбанов "Қазақ әдебиет тілі терминдері туралы" атты мақаласында халықаралық терминдерді бұзып, аударуға қарсы болып, мынадай тұжырым айтады: "Термин алу мәселесінде бізде неше түрлі өрескелдік болғанын көреміз. Бізде психология демей, жан жүйесі, геометрия демей, пішіндеме деп алынған болатын. Әрине, бұл өрескелдік, аударылмайтын сөздерді, халықаралық терминдерді аударып алам деуден, аудару керек болғанда да, терминдерді емес, сөздердің лексикалық мағынасы, аударудан келіп шығатын ауру екені даусыз. Ғалым осы еңбегінде халықаралық терминдерді қабылдау және жазу нормаларында ғылыми-техникалық бірлікті сақтау қажеттігін қатаң түрде ескертеді. Термин сөздің тұрақтылығын қолдай отырып, бір ұғымды белгілеуде оның жай мағынасы ғана сәйкес келетін сөздермен аталып аударылмай, өзінің бұрынғы қалпын сақтау қажеттігін барынша ескертеді. Терминдердің қабылдануы туралы өзінің ұстанған жолы мен бағыты туралы автор көрсетілген мақаласында былай деп жазады: «Біз бірыңғай интернационал терминдердің қазақ тілінде оларға сәйкес келетін сөздер табылсын, табылмасын, аударылып алынбасын дейміз. Қазақ тілінің терминдері жайлы біздің ұстаған жолымыз осы» [5,36]. Сондай-ақ, терминологияның әртүрлі ғылыми-теориялық мәселелеріне арналған Ф.Тимурташ, С. Ақаев, Е. Әбдірасілов, М. Капла, А. Исанов, И. Мұратбаева, Г. Бүркітбай, С. Исақов, Г.Бегимова, Каплан М., Ә. Нұржанова, т.б. көптеген зерттеушілердің жұмыстары бар.

Сонда бұл келтіріліп отырған екі анықтаманың өзара –өзіндік ғана айырмасы болғанмен, негізінен бір тектес екенін көреміз. Термин болатын сөздің шегі, шеті, шекарасын анықтау керек дегенді меңзейді. Яғни оның өзге сөздерден айырмасы оның мағынасының шектеулі болатындығында дегенді білдіреді. Термин сөздер тілдің ғылыми-техникалық прогреске иек артып, қол созған тұсына тән лексиканың арнайы саласы, яғни бұл бір жағынан, тілдің әдебиетін тәтпіштей түсетін бір белгі. Басқаша айтқанда, терминологиялық лексика әдеби тілмен тікелей байланысты дамып, оның әдебиетінің негізгі көрсеткіштерінің біріне айналады. Ол алдымен, ғылыми ой - пікірді, техникалық ұғымды білдіру үшін



пайда болады да, олардың дамуымен бірге қанаттанады. Термин сөз нақты, қысқа, тұжырымды, дәлме-дәл және бір мағыналы болуы керек. Алайда бұл шарттардың бәрін бірдей үнемі түгел сақтап отыру қиынға соғады. Кейде кейбір техникалық ұғымдарды білдіру үшін бірнеше сөздер тізбегін пайдалануға немесе тіркес жасау тура келеді. Сөйтсе де термин жасау процесінде оның негізгі талаптарын сақтау қажет [6, 445 б].

Бұл пікірден аңғарылатын нәрсе, А.Байтұрсынұлы өзіне дейін болмаған терминдерді төл сөздердің мағынасын абстракциялау арқылы жасауға көп көңіл бөлді, сонымен бірге қажетіне қарай өзге тілден де терминдер алудың мүмкіндігін көрсете алды.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде О.С. Ахманова терминология саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған [7, 56 б].

Түрік тіліндегі терминдердің де өзіндік зерттелу тарихы мен жүйесі бар. Өткен ғасырдан бүгінге дейін терминдер жайында терең пікірлер айтылып келеді. Республика құрылғанға дейін айтылған ой-пікірлердің маңызды бөліктерінің бірі, түбірі арабшадан енген терминдермен байланысты. Сондай-ақ кірме терминдердің қатарына батыс тілдерінен енген терминдер де кіреді. Терминдерге терең және дұрыс зерттеулер жүргізу үшін, түрікшелеуге қатысты жасалған ғылыми жұмыстарды, айтылған ой-пікірлер мен терең көзқарастарды бақылай отырып, пайдамызға жаратуымыз қажет.

Ендеше білім саласындағы ізденіс, зерттеулері өте ертеден бастау алады. Каплан С.М. еңбектерінде арабшаны ғылыми тіл, парсышаны әдебиет тілі ретінде мойындаған түріктер, осы тілдерде әртүрлі ғылым және өнер салалары бойынша шығармалар жазған. Сондай-ақ түрік ғалымдары арабша және парсыша жазылған еңбектерді түрік тіліне аударған. Медицина, математика, астрономия, шариахат, ислам тақырыптарында жазылған шығармалардың уақыт өте келе терминдері түзелген. Бұлардың саны өткен ғасырдан бері арта отырып, ғылымның дамуына жол ашқан [8, 350 б].

Сондай-ақ, Ф.К. Тимурташ өз еңбегінде түрік тілі қоғамы алғаш рет түрікше сөздік пен түрік емле сөздігін жариялағаннан кейін әрі қарай жұмыстарын жалғастырды. 2876-шы Ататүрк мәдениет, тіл және тарих жоғарғы қоғамы заңының 37-ші пунктіннің "Д" бөлігі бойынша түрік тілі қоғамына "Барлық ғылым, техника, өнер салаларында термин түзету және зерттеу" міндеті жүктелген делінген [9, 555 б].

Республика құрылғаннан кейінгі алғашқы он жылдықта терминдер түбірі жағынан бірқатар өзгерістерге ұшырады. Бұған қарамастан осы кезеңде ұлттық әдебиет дәуіріндегі сияқты, жалпы тіл мәселесі жан-жақты қаралғанымен, терминдерге аса көңіл бөлінбеген. Осындай дәстүр күні бүгінге дейін жалғасын табуда. Шындығында, терминдер жайлы жасалған зерттеулердің саны жоқтың қасы десек қателеспейміз. Ең көп жалпы тілдік мәселелер ғана зерттеліп, терминдер мәселесі орайы келгенде ғана қарастырылып келеді.

Қорыта келе, отыз жыл ішінде жалпы тілдік мәселелермен бірге, жаңадан алынған сөздер де алғашқылардың бірі болып зерттелуде. Батыс тілінен кірген ескі сөздерді алып тастап, орнына жана сөздердің енуін керексіз деп тапқандар әлеуметтік қорды сақтайтын, тілдің көп зардап көргендігін, ешбір тілдің саф еместігін сондай-ақ, түрік тілінде де басқа тілден енген сөздердің қолданысқа ие бола алатындығын қолдаушылар да табылған.

Шетел тілінен енген мыңдаған сөздермен қалыптасқан түрік әдебиетін әдебиеттен тысқары қалдырамыз ба? - деген сияқты сұрақтармен қатар, жаңа сөздердің барлығының еркін түрде жасалуы, сондай-ақ, әркімнің жаңа сөздер жасауға кірісуі, грамматикалық ережелерге сай емес қате сөздердің пайда болуы сияқты мәселелердің әсерінен туындаған пікірталастар бүгінге дейін жалғасын табуда.

Дипломатиялық терминдер екі ел арасындағы қарым – қатынас жасау үстінде қолданылатын лексемалар мен сөз тіркестерінен, екі ел арасында құрылған одақтар мен ұйымдардың атауынан құралады. Осы орайда, жалпы терминдер, оның ішінде дипломатиялық терминдер аясында зерттелген ғылыми еңбектердің аз да болса бар екендігіні көңіл қуантады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Құнанбаева С.С. Концептологические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности – Алматы: ҚазХҚжӘТУ, 2017. - 6 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. – Астана, 2009. – 222 б.
3. Ибрайымов Қ. Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері: филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы: Жалын, 2005. – 618 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. – 14 б.
5. Жұбанов Қ. Термин сөздердің спецификасы жөнінде // Мемлекеттік шынком бюллетені. – Алматы: Ғылым, 1935. – №2. – 3 – 4 б.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
7. Ахманова О.С. дис. Автореф. – Алматы: Жалын, 1999. – 56 б.
8. Каплан С.М. Kültür ve dil. – İstanbul: Dırğah, 1982. – 350 б.
9. Тимурташ Ф.К. Uidurma olan ve olmaian kelemeler sözlüğü. – İstanbul: Ümür kitapçılık, 1976. – 555 б.



### **ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ, ИХ РОЛЬ И МЕСТО В ОБУЧЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ИНОЯЗЫЧНОМУ ОБЩЕНИЮ**

Игра, как приема обучения, есть действенный инструмент управления учебной деятельностью (деятельностью по овладению иноязычным общением), активизирующий мыслительную деятельность обучающихся, позволяющий сделать учебный процесс захватывающим и интересным.

По мнению Д.Б. Эльконина, «человеческая игра – это такая деятельность, в которой воссоздаются социальные отношения между людьми вне условий непосредственно утилитарной деятельности»[1].

Наиболее приемлемым для нас является определение, данное А. А. Деркачом, учебной называется игра, используемая в учебном процессе в качестве задания, содержащая учебную (проблему, проблемную ситуацию), решение которой обеспечит достижение определенной учебной цели [2].

Игра благодаря дихотомии - вымышленной проблеме и реальным усилиям по ее разрешению - позволяет моделировать социокультурный контекст, проигрывать различные варианты поведения, корректировать и снова проигрывать. То, что в жизни трудно или совсем невозможно исправить (межкультурный конфликт или межкультурный шок), в игре можно проигрывать снова и снова, вырабатывая стратегии, необходимые для избегания данного конфликта. Игра обеспечивает эмоциональное воздействие на обучаемых, активизирует резервные возможности личности. Она облегчает овладение знаниями, навыками и умениями, способствует их актуализации. Учебная игра-упражнение помогает активизировать, закрепить, проконтролировать и скорректировать знания, навыки и умения, создает учебную и педагогическую наглядность в изучении конкретного материала. Она создает условия для активной мыслительной деятельности ее участников. Благодаря игре возрастает потребность в творческой деятельности, в поиске возможных путей и средств актуализации накопленных знаний, навыков и умений.

Игра ориентирована на групповую активность, что вполне отвечает запросам современной методики. Она также легко трансформируется в различные формы индивидуальной активности, давая возможность каждому студенту попробовать себя в той или иной роли и проявить индивидуальные способности. «В деловых играх решения вырабатываются коллективно, коллективное мнение формируется и при защите решений собственной группы, а также при критике решений других групп...» [3].

Переводя задачу обучения иностранному языку в задачу иноязычного общения в процессе совместной деятельности, имеющую личностную значимость для каждого участника этой деятельности, мы создаем условия для мощного скачка уровня мотивации овладения языком, речью, общением.

Игра является той самой деятельностью, которая создает эмоционально стимулирующую заинтересованность и способствует произвольному запоминанию.

По мнению С.Т. Занько [4], обучающие игры представляют собой синтез релаксационных подходов (синтез барьеров, психологическое раскрепощение) и цепи имитационных проблемных ситуаций, в том числе конфликтных, в которых участники выполняют отведенные им социальные роли в соответствии с поставленными целями. Учебная игра воспитывает культуру общения и формирует умение работать в коллективе и с коллективом. Все это определяет функции учебной игры как средства психологического, социально-психологического и педагогического воздействия на личность. Психологическое влияние игры проявляется в интеллектуальном росте обучаемых. Педагогически и психологически продуманное использование ее на занятии обеспечивает развитие потребности в мыслительной деятельности. Применение игры способствует коммуникативно-деятельному характеру обучения, психологической направленности уроков на развитие речемыслительной деятельности учащихся средствами изучаемого языка, оптимизации интеллектуальной активности учащихся в учебном процессе, комплексности обучения, интенсификации его и развитию групповых форм работы. Игра формирует способность принимать самостоятельные решения, оценивать свои действия, действия других, побуждает анализировать свои знания.

Благотворное влияние игр на формирование ответственного отношения к учебной деятельности. Повышается требовательность к себе. Развиваются профессиональные качества будущего специалиста, формируются методические умения.

Основными требованиями к игре и условиям ее проведения являются:

Психологические требования. Учебная игра должна обладать релевантностью и иметь личностный смысл и значимость для каждого из участников. Так же как и любая деятельность, игровая деятельность на занятии должна быть мотивирована, а учащиеся должны испытывать потребность в ней.

Педагогические требования сводятся к следующему: применяя игру как форму (средство, методический прием) обучения, преподаватель должен быть, уверен в целесообразности ее использования, должен определить цели игры в соответствии с задачами учебного процесса. Учебные игры должны составлять систему, предполагающую их определенную последовательность и постепенное усложнение. При этом необходимо учитывать особенности группы ее членов. Педагогические требования подразумевают влечение оптимальных условий ведения игры в учебном процессе.

Игровые технологии обучения профессионально направленному иноязычному общению:

- с педагогической точки зрения является творческой учебной деятельностью, проблемной по форме предъявления материала, практической по способу его применения, интеллектуально нагруженной по содержанию, самостоятельной по реализации;

- позволяет эффективно моделировать значимые профессионально ориентированные ситуации, проигрывая которые, студенты учатся не просто общению, что само по себе очень важно, но и конкретной практической профессиональной деятельности, где цели познавательные дополняются целями поведенческими;

- создает пространственно-временную координату развертывания содержания, сценарный план и ролевую инструментовку профессиональной деятельности. Профессиональное общение происходит в четко обозначенном социальном контексте, т.е. студент представляет, когда, где и с какой целью он проигрывает ту или иную роль [6];

В отличие от игр вообще педагогическая игра обладает существенным признаком — четко поставленной целью обучения и соответствующим ей педагогическим результатом, которые могут быть обоснованы, выделены в явном виде и характеризуются учебно-познавательной направленностью.

Как средство обучения и средства активизации учебного процесса игра может быть использована в различных образовательных структурах. Деловая игра как технология обучения наиболее соответствует решению задач обучения профессионально - ориентированному общению на иностранном языке.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Эльконин Д.Б. Психология игры / Д.Б. Эльконин. – М.: Просвещение, 1987. – 350 с.
2. Деркач А.А., С. Ф Щербак. Педагогическая эвристика. Искусство овладения иностранным языком./ А. А. Деркач, С. Ф. Щербак - М: Педагогика, 1991, 224 с.]
3. Платов В.Я. Деловые игры: разработка, организация и проведение: Учебник.— М.: Профиздат, 1991. – 156 с.
4. Занько С.Т. Игра и учение. / С. Т. Занько, Ю. С. Тюников, С. М. Тюникова. – М.: « Логос», 1992, ч. 1. 125 с.
5. Шмаков С.А. Игры – учащихся – феномен культуры. М.: Новая школа, 1994.- 240 с.
6. Смышляева Л.Г., Сивицкая Л.А. Педагогические технологии активизации обучения в высшей школе. – Учебное пособие. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2008. – 37 – 49 с.

#### Мұғалім мінбері

Ақан Гүлнар, Кебекбаев Марат,  
аға оқытушылар, Шетел тілдері кафедрасы

#### ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шетел тілінің пән ретіндегі ерекшеліктерінің бірі, ана тілінде қалыптасқан когнитивтік функциясы шетел тілінде қалыптасса, қатысымдық функция жүзеге асады. Бұл функцияларды шетел тілінде меңгеру үшін, ерекше мотивация және шетел тілін мәдениаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгерудің жеке маңыздағы мотивтерін күшейту қажет.

Оқытудың қатысымдық бағыттылығы шетел тіліндегі қарым-қатынасқа түрлі интеллектуалды және практикалық әрекеттер арқылы оқытуда көрінеді. Сабақтарда сөйлеуге бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар орындалады. Бұл мәтінмен жұмыс, әңгіме жүргізу, талқылама жасау т.б. жұмыстар болады.

Оқытудың саналылығы тілдік құралдарды пысықтау және шетел тілінде алғашында ойды саналы әрекет ретінде қалыптастыру мен жүйелеу; одан кейін бақылау деңгейіне ауысу болып табылады. Оқытудың қандай-да бір тапсырмаларды орындау қажеттілігін студенттерге жеткізе білу де болады. Бұл оқытудың тиімділігін арттырады.

Шетел тілін оқытуда тіл үйренушілердің ана тілінде қалыптасқан білім, дағды, шеберліктеріне сүйену қажет. Бұл мәтіннен негізгі ойды анықтау, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу, ішкі сөйлеуді және сыртқы сөйлеуге ұластыра білу, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті т.б.

Оқытудың қарқындылығы оқытудың түрлерін, әдістері мен тәсілдерін анықтауда адамның белсенді әрекетінің сипатын ескеру; оқытудың түрлері мен тәсілдерін жасауда тұлғаның әрекет пен мотивациялық-эмоционалды аясы жайында пікірі және оның психикасын ескеру болып табылады.

Шетел тілін оқыту және үйрену барысында тіл үйренушінің жеке басының ойлау қабілеті мен адами қасиеттерінің қалыптасуына, танымдық белсенділігін арттыруға тәрбиелік мақсат қол жеткізеді. Ю.К. Бабанский бойынша «Объективті түрде оқыту белгілі көзқарастар, сенім мен қарым-қатынас, жеке адам қасиеттерін тәрбиелемеуі мүмкін емес. Тәрбиелік мақсаттың мәні, осы объективті мүмкін болатын процеске белгілі мақсаттылық пен қоғамдық маңыз беруінде».

Жоғары оқу орындарында шетел тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда студенттің мәдениетімізді, рухани- тарихи құндылықтарды, әлемдегі ғылыми жетістіктерді бағалай білуін, өзара қарым-қатынас, танымдық белсенділігі, шығармашылдығы, шетел тілін меңгеруге саналы көзқарасын қалыптастыру тәрбиелік мақсатты жүзеге асыру болып табылады. Сонымен қатар, тілді қоғамдық құбылыс ретінде дұрыс қабылдауын қарастырады. Кәсіптік бағытта түпнұсқадағы арнайы әдебиет көзімен, түрлі елтанымдық тақырыптармен жұмыс істеу студенттің ойлау өрісін кеңейтуге, ақпаратты шынайы бағалау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Дамытушылық мақсатқа студенттің интеллектуалдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін, ойлау, өздігінен сыни, логикалық ойлау шеберліктерін, қатысымдық мүмкіндіктерін, танымдық қабілеттерін дамыту арқылы қол жеткізіледі.

Сөйлеу әрекеттері барысында сөйлеу тетіктері қалыптасады (лингвистикалық компонент): тыңдау, оқу, жазу, айту. Шетел тілін үйренуде оқу-танымдық әрекеттер қалыптасады, оның барысында оқушы тіл үйренеді, қарым-қатынас жасайды. Тілдік әрекеттердің нәтижесі ретінде диалогтар, әңгіме, мәтіндер, ауызша, жазбаша сөйлеу тапсырмалары жүзеге асады. Сөйлеу әрекеттеріне дағды мен шеберліктер арқылы қол жеткізіледі. Әдіснамалық компонентке – оқу материалын және оқу тәсілдерін меңгеру, оқушының өздік жұмысын ұйымдастыра білуі, сөйлеу дағдыларын қарым-қатынаста белсенді қолдана білуі жатады. Шетел тілі сабағында тіл үйренуші тілге және шетел тілінде сөйлейтін елдерге қатысты, кәсіптік бағыттағы жаңа материалды игереді. Психологиялық компонентке – тілді қатысымдық мақсатта қолдана білу дағдылары мен шеберліктері жатады. Дағдыларды жетілдіру үдерісі, шеберліктердің дамуына ықпал етеді.

И.Я. Лернер шетел тіліне оқыту мазмұны ретінде:

- білім (лингвистикалық, яғни фонетика, лексика, грамматика негіздерін меңгеру білімі және экстралингвистикалық, шетел мәдениетін, дәстүрі, әдебиеті жайлы білімі);
- дағдылар (сөйлеу дағдылары: лексикалық, грамматикалық және оқу дағдылары: шеберліктерді дамыту негізі); -шеберліктер (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу);
- мотивтер және әрекетке қатынасты (пәнге қызығушылықты ояту, сөйлеу партнері ретінде оқытушыға қатынасты тәрбиелеу, қатысымдық мотивацияны тәрбиелеу) анықтаған. Сондықтан, ЖОО- да шетел тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқыту студенттерді оқыту үдерісінде меңгеруге тиісті материал, шетел тілін меңгеру сапасы мен деңгейі олардың талаптарына жауап беруі және оқыту мазмұнын іріктеу студенттің жан-жақты дамуына, тұлғаның қалыптасуына және болашақ кәсіптік қызметіне даярлауға ықпал етуі керек деп ойлаймыз.

Педагогикалық үдерістің маңызды құрамы оқытушы-оқушы қарым-қатынасы. Бұл жайлы Т.Хусен «Оқытушы оқыту үдерісін студентпен бірге жоспарлауы, жүзеге асыруы, бағалауы керек, студентпен жеке, эмоционалды қатынас орнатып, оқуға барлық жағдайды жасауы, өзара сенім және қызығушылық жағдайын туғызуы керек» дейді.

Оқытушының міндеттерінің бірі студенттің өзінде бар мүмкіндіктеріне: студенттің ойлау қабілетіне, белсенділігіне және интеллектуалды мүмкіндіктеріне сүйенуі. Шетел тілінде оқу, жазу, сөйлеуді түсіну студенттің ойлау қабілеті мен белсенділігіне байланысты: оқытушыны тыңдап, сөз жаттап, сөйлеуден бастап, әңгіменің белсенді қатысушысы, мәтінді үстірт емес, терең түсінетін деңгейге жетуі керек. Тәжірибе жүзінде, көптеген жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту барысында студенттердің репродуктивті іс-әрекеттері байқалады. Олардың пікір білдіру әрекеттері, көп жағдайда жаттанды болып келеді, оны сөйлеуге жатқызуға келмейді. Нәтижесінде, студент шетел тілінде шынайы сөйлеу жағдайына кездескен кезде, қажетті сөз таба алмай, қате жіберіп немесе сөйлеуден мүлде бас тартады.

Шетел тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда оқытушы бірауқытта бірнеше функцияны атқарады: тілді белсенді, сауатты қолданушы, аудиториядағы оқу-қатысымдық әрекетті ұйымдастырушы, ой тудырушы, белсенді қатысушы, тыңдаушы, кеңес беруші, ақпарат, ой-пікір көзі, бағалаушы. Оқытушы студенттің мотивациялық қажеттіліктерін, эмоционалды ерекшеліктерін ескере отырып, студенттердің сөйлеу үдерісін қамтамасыз етуші, қолдаушы, ынталандырушы, диалогты ұйымдастырушы болады. Бұл

жөнінде О. Райт «... жақсы оқытушы оркестрдің дирижеріне ұқсас болуы керек; орындаушы емес, орындаушыларды бағыттаушы» деген.

Оқыту мен оқу үдерісінде оқытушы мен студент қарым-қатынасымен қатар, әрқайсысының өзінің нақты атқаратын функциялары бар. Оқытушы ұйымдастырушы, үйретуші, тексеруші болса, оқушы жана біліммен танысады, білім, шеберліктер мен дағдыларға жаттығады және оны тәжірибеде қолданады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жұматаева Е. Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2003. – 51 б.
2. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Астана, 2009. – 50 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым. – 1973.
5. Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – т. 2. – 200 б.
6. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.

#### **Шәкірттер шыңдалғанда**

**Садықова Р.К.- ф.ғ.к.,  
Шетел тілдері кафедрасы,  
Қасенбаева А.Е.-1 курс магистранты**

### **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ШЕТЕЛ ТІЛІН МЕҢГЕРТУ**

XXI ғасыр білімнің интеграциялануы мен инновациялануы және аймақталуымен ерекшеленеді. Бұл дегеніміз – қазіргі өмірдегі бәсекеге қабілетті интеллектуалды адам капиталының қалыптасуындағы әлемдік үлгілердің пайда болуы. Интеллектуалды адам ресурсы дегеніміз – тек білім мен ғылымды меңгеріп қоймай, оны экономика мен қоғамдық өмірде, өндірісте кеңінен қолдана алатын және озық технологиялардың кілтін білетін және сондай-ақ өзіндік тұжырымдар мен ұсыныстар әзірлей алатын парасатты адамдардың образы. Кез келген мемлекеттің дамуы дәстүрлі өлшем тұрғысынан алғанда экономикалық және әлеуметтік өлшемімен бағаланса, ал біздің дәуіріміз білімнің, ғылымның және оның нәтижелері ретіндегі инновациялануымен бағаланады. Бұл қазіргі әлемнің бәсекеге қабілеттілігінің басты өлшемі. Болондық жүйе кредиттік оқыту технологиясына негізделген. Кредиттік оқыту технологиясының мәні – университеттегі оқу және оқыту траекториясын студенттің өзі айқындай алуы, яғни профессор-оқытушыларды және пәнді студенттің таңдауы арқылы білімнің берілуі. Бұл біріншіден оқытушылардың арасындағы өзара шығармашылық белсенділік пен ізденушілікті қалыптасуын негіздейді. Екіншіден, студенттің өзіндік қызығышылуығы негізіндегі пәндерді таңдауы, оның білімінің нақтылануы мен сапасының артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ кредиттік жүйенің тағы бір ерекшелігі студент білімін бағалаудағы балдық-рейтингтік және оқытушылар еңбегін бағалаудағы сынақтық бірлік жүйесінің қолданылуы [1:120 б.].

Қазақстандық ғалымдарды Ж. Қараевтың, Ә. Жүнісбектің, Қ. Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде білім беру жүйесінде қолданылуда. Бұл технологиялардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Оқушыларға шетел тілі үшін болашақ мұғалімнің өзі төмендегідей негізгі құзыреттіктерді игеруі тиіс: лингвистикалық; коммуникативтік; лингвоелтану; кәсіби-бейімді (кәсіби-педагогикалық мақсат аясында) және т.б. Н.Ф. Талызина және тағы басқа ждіскерлер инновация өзінің дамуы барысында белгілі бір өмірлік сатыдан тұрады: жана идеяның пайда болуы; мақсат қоюшылық; тарату және жойылу – деп айта келе, инновациялық технологияға жататындар: компьютерлік технология, ойын технологиясы, жоба әдісі - деп топтастырып көрсетеді [ 2]. Шетел тілін оқытуда оқу құралдарының мазызы өте зор. Техникалық оқу құралдарының дидактикалық тиімділігін бақылауды жүзеге асыра алу мүмкіндігі тұрғысынан қарастырған орынды [ 3: 412 б.]. ҚР «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттың және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шығаруға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жана технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. XXI ғасыр оқыту үдерісіне компьютерлік технологияны пайдалану мен қатар, елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да заңды үрдістегі өзгерістер білім жүйесіне сол өзгерістер негізінде дамытуды талап етіп отыр. Атап айтқанда, виртуалды кеңістік, аутентті виртуалды интерактивті тілдік орта болып табылатын Интернетке ену аталған компетенцияны дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Оқытудың ақпараттық технологиялары осы ақпараттық білім жүйесінің шегінде жүзеге асырылатын болғандықтан, осы білім технологиясына ақпараттық және бағдарламалық қолдаумен көрсететін құралдар бір ғана компьютермен,

оған енгізілген бағдарламамен шектеліп қалмауы керек. Оқушылар Интернет талаптарында берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатыса алады. Сонымен бірге белгілі бір уақытта мұтіндік хабарламалар мен алмасуға, радио бағдарламаларды тысдауға, бейнероликтер көруге, яғни ақпараттың кез келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар. Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі интерактивтік іздеу жүйелері мен өз бетімен іздеу, сондай-ақ алынған материалдарды түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салу мен т.б. сол сияқты интернеттің артықшылық көздері пайдаланылады. Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, тіл тасушыны тысдау, олармен қарым-қатынас жасау табиғи тілдік ортаны қалыптастырады.

Е.С.Полат «Қандай да болмасын оқыту құралы, ақпараттық-тақырыптық ортаның қандай да қасиеттерге ие болғанына қарамастан дидактикалық мәселелер, білім берудің нақты мақсаттарымен шартталған танымдық қызметтің ерекшеліктері бірінші кезекте болып табылады»-деп көрсетті. Демек, интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруды құралы болып табылады [4 : 24-28 бб.]. Сабақ барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану студенттерді өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тысдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай студенттерді сөйлеу десгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың жеңіл-киындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалуы қажет. Бейне фильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн. Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқу үдерісінде инновациялық технологияларды ендіру негізгі бағыттары мен идеялары Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік білім бағдарламасында, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасында және Елбасымыз Н.Н. Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» стратегиясында айрықша көрсетілген [5:322 б.].

